

Жамбыл облысы Байзақ ауданы Суханбаев ауылдық округінің Қарасу ауылын Қосы батыр ауылы деп қайта атау туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 296 бірлескен қаулысы және Жамбыл облыстық мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 53-3 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 28 желтоқсанда № 4866 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына сәйкес, тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып және 2020 жылғы 24 қарашадағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Жамбыл облысының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жамбыл облысы Байзақ ауданы Суханбаев ауылдық округінің Қарасу ауылы Қосы батыр ауылы болып қайта аталсын.

2. Осы нормативтік құқықтық актінің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экономика, бюджет, салық және жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына және облыс әкімінің орынбасары Е.Жылқыбаевқа жүктелсін.

3. Осы нормативтік құқықтық акті әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл облысының әкімі

Б. Сапарбаев

Жамбыл облыстық мәслихаты

хатшысының міндетін атқарушы

М. Берік